

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Жуалы ауданының білім бөлімінің «Шапағат» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау
нәтижелерін жария талқылау
ХАТТАМАСЫ**

Қайрат ауылы

09.02.2026 жыл

Өткізілген орны: Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Аксай ауылдық округі, Қайрат ауылы, Абай көшесі № 2А.

Қатысқандар: Ішкі талдау жүргізу жұмыс тобының құрамы, балабақшаның педагогикалық және кіші (техникалық) қызметкерлері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы таңдамалық анықтаманы жария талқылау.

Тыңдалды: «Шапағат» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі М.Есимованың сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтамасы.

Сөз сөйледі: Меңгеруші М.Есимова- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚР заңының 8-бабының 5-тармағына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына және «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Шапағат» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының 2026 жылғы 8 қаңтардағы №4 бұйрығына сәйкес «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Шапағат» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін басшылыққа ала отырып, 2026 жылдың қаңтар, ақпан аралығында 2025 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетінін хабарлады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын мекеменің атауы: «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Шапағат» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыттары:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды анықтау;
- 2) Мүдделер қақтығысын зерттеу;
- 3) Мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жұмыс тобы:

Құрамы 2026 жылғы 8-ші қаңтардағы №4 бұйрығына сәйкес құрылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтылатын кезең: 2025 жыл.

ШЕШІМ:

1. Жария талқылау хаттамасы масс-медияда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау аяқталғанға дейін жариялансын.

Бөбекжай- бақша меңгерушісі
Әдіскер:



М.Есимова
Г.Аманова